



**Автор:** Төлеген Мөлдір Төлеген

**Пән:** География

**Сынып:** 7-сынып

**Бөлім:** Физикалық география/Атмосфера

**Тақырып:** 7.3.2.1.Атмосфераның құрамын сипаттайды

Атмосфера және оның құрамдас бөліктері	Барлық оқушылар: Жаңа білімді меңгереді . Атмосфера жайында түсінеді , құрамдас бөліктерін сипаттайды. Оқушылардың басым бөлігі: Тақырыпты түсініп,тыңдап,жетекші сұрақтар арқылы талқылайды. Атмосфераның маңызды компоненттерін түсінеді және озон қабаты туралы ұғынады. Кейбір оқушылар: Алған білімді өмірде қолданады. Атмосфера құрамындағы газдардың мөлшерін салыстырады.
--	--

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Атмосфера және оның құрамдас бөліктері (7.11.2019ж.)</p>	<p>1. Салемдесу. 2.Оқушыларға жағымды орта қалыптастыру. Тренинг«Маған ауадай қымбат...» (оқушылар сөйлемді жалғастыру арқылыжағымды орта қалыптасады) 3.Атмосфера қабаттары бойынша топтарғабөлу. Топқа бөлу. «Мозайка» әдісі арқылы 1 топ – Озон 2 топ – Оттегі 3 топ– Көмірқышқыл Тақырыпқа шығу: Интерактивті тақтадан атмосфературалы видео көрсетіп оқушыларға бүгінгі сабағымыздың тақырыбы нежайында болмақшы екендігі жайында сұрақ қоямын.ОқушылардыңАтмосфера тақырыбы бойынша не білетіндіктерін сұрай отырып жаңасабақты түсіндіремін... Атмосфера туралы білетіндер ББҮ кестесі арқылытолтыру (Тж) Жаңа сабақтың мазмұнын меңгерту үшін сыни тұрғыданойлаудың «Еркін талқылау» әдісі арқылы 3 топқа тапсырма беріледі. 1 топ.Таза ауа компоненттері, табиғи аэрозолдар бойынша постер жасайды 2топ Атмосфераның құрамдас бөліктері бойынша тақырыпты «Сөздер банкасы»әдісі бойынша жұмыс жасайды.Тапсырмада оқушылар сөздер банкасында тұрған терминдер жиынтығын «Атмосфераның құрамдас бөліктері» банкасына орналастыру керектігін тапсырамын. Сөздер:М.В.Ломоносов,А.Лавуазье,Газдың механикалық қоспасы,Құрғақ ауа,Аэрозол. 3 топ .Атмосфера және оның Жердегі тіршілік үшін маңызы тақырыбында жаңалықтарын анықтап, жағымды жақтарын зерделейді. Дескриптор Білім алушы - таза ауа компоненттерін анықтап, табиғи аэрозолдарға түсінік береді - атмосфераның құрамдас бөліктері бойынша негізгі терминдерге анықтама береді - Атмосфераның Жердегі тіршілікүшін маңызын зерделеп, өз ойларын айтады ҚБ Басбармақ арқылыбағалауды тапсырамы «Сәйкестендіру» кестесі. Жұптық тапсырма Тақтаға атмосфераның құрамдас бөліктерін сәйкестендіруді тапсырамын . Азот 78,08 20,94 0,93 0,03 0,00005 0,002 Оттек Аргон Көміртегі диоксиді Озон Арасында кішігірім гелии,метан криптона және сутегі Дескриптор Білім алушы - Атмосфераның компоненттерін ажыратады - Құрамындағы газдарды пайыздық мөлшерімен сәйкестендіреді Стикерлер арқылы топтарда өзара бағалау жүреді. Бағалау критерийлері түрлі- түсті стикерлермен болады. Егер жеткізуі нақты, анық, түсінікті болса Жасылтүс Егер жеткізуі орташа болса Сары түс Егер мүлдем түсініксіз болсаҚызыл түс Оқушыларға ортақ сұрақ қоямын. 1)Неге оттегінің маңызы зор?2)Неге азоттың маңызы зор? 3)Құрғақ ауа дегеніміз қандай ауа? одан кейін оқушылардан өз ойларын көршілерімен бөлісуді тапсырамын. Топтық жұмыс Балалар, біз ауаның бар екенін білеміз, бірақ көзбен көре алмаймыз. Сол ауаның бар екендігін топпен дәлелдеп көрейік... Әр топқа заттар таратылады. Сол заттар арқылы ауаның бар екендігін көрсету I топ – диск, шар. II топ – су толған ыдыс, стакан, қағаз III топ – бөтелке, шар. Дескриптор: - Білім алушылар берілген заттар арқылы ауаның барекендігін дәлелдейді - Өз ойларын тұжырымдайды. Үй тапсырмасы:Атмосфера және оның құрамдас бөліктері. Кері байланыс. «ББҮ» кестесі</p>	<p>Таратпалар Атмосфера ауа қабаттары. Білемін Білгім келеді Үйрендім Атмосфера ауа қабаттары. Білемін Білгім келеді Үйрендім</p>
---	---	---